

ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ АТЫНДАҒЫ МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ

**Мектептегі психологиялық
қызметінің жылдық қорытынды
есебі**

Мектеп психологтары: А.К.Қарабаева

М.К.Абдрашимова

2024-2025 оқу жылы

Тұрар Рысқұлов атындағы мектеп-лицейі
Психологиялық қызметтің жоспар бойынша атқарылған жұмыстарының
мазмұны мен нәтижесі туралы қорытынды есебі
2024-2025 оқу жылы

Психологиялық қызметтің басты мақсаты:

«Зақым келтірмеу» қағидасын ұстана отырып, мәдени деңгейі жоғары қоғамдық өмірге бейімделген, интеллектуалды жеке тұлғаны қалыптастыру.

Мақсатқа жету үшін қойылатын міндеттер:

- Кәсіптік білімді артырып отыру;
- Баланың психикалық дамуын шешу мәселесінде мектеп ұжымына қажетті көмек көрсету;
- Тұлғаның мотивациялық дамуына ықпал ету;
- Бала бойындағы сүйіспеншілік, шыдамдылық, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру

Мектептегі психологиялық қызметтің негізгі бағыттары:

1. Психологиялық диагностика.

Мақсаты: Тұлғаны жеке және жас ерекшеліктерін, сондай-ақ тұлғааралық өзара ерекшеліктерін де зерттеу.

2. Психологиялық алдын-алу.

Мақсаты: Тұлғаның психикалық және тұлғалық дамуында кездесетін сәтсіздікке ескерту жасау.

3. Психологиялық түзету және дамыту.

Мақсаты: Оқушының психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқуларды болдырмау, жалпы оқу дағдарысы мен біліктілікті дамыту.

4. Психологиялық кеңес беру (консультация).

Мақсаты: Педагогикалық үрдістердегі қатысушыларға мәселелерді шешуге көмек көрсету.

5. Психологиялық ағарту жұмыстары.

Мақсаты: Педагогикалық үрдістерге қатысушылардың психологиялық мәдениетін көтеру.

Психодиагностикалық жұмыс мектептің 1 сыныбына қабылданатын балалардың оқуға дайындық деңгейін анықтау.

2024-2025 оқу жылында 1- сыныптар арасында «Баланың мектепке психологиялық дайындық деңгейін анықтау» сауалнамасы жүргізілді.

Тақырыбы: «Баланың мектепке психологиялық дайындығын анықтау»

Мақсаты: Оқушылардың танымдық процестерінің даму деңгейі мен мектепке бейімделу кезеңіндегі туындаған қиындықтарымен психологиялық дайындықтарын анықтау.

Мектеп бойынша, 1 сыныптарда 116 оқушы, сауалнамаға 115 оқушы қатысты. 1 оқушы үйден оқиды.

Сауалнама 8 бөлімнен тұрады.

1. Графикалық диктант
2. Үлгі және ереже
3. Сурет бойынша әңгіме
4. Қарапайым түсініктегі білім деңгейі
5. Ер адамның бейнесі
6. Жазба әріптерге еліктеу
7. Нүктелер тобын көшіріп салу
8. К. Иерасек сауалнамасы

Сыныбы	1 «а»	1 «ә»	1 «б»	1 «в»	1 «г»	1 «д»	жалпы
Жоғары	20	15	17	14	12	15	93
Орташа		2	3	2	6	4	17
Төмен		2		1	2		5
Оқушы саны:	20	19	20	17	20	19	115

Қорытынды: Жалпы оқушылардың психологиялық дайындығы жоғары, орташа және төмен деңгейлерді көрсетті. Сауалнама бойынша «Р» әрпіне тілі келмейтін оқушылар анықталды. 1 «Ә» сынып Айтқадыр Білім және Тулепберген Алпамыс. 1 «В» сынып оқушысы Қожамберді Елнар. 1 «Г» сынып оқушысы Тулеген Асылай және Өксікбай Еңілік. Осы аталған оқушылар алынған сауалнамадан төмен нәтиже көрсетті. Түстерді ажырата алмайды. Өксікбай Еңілік жеке қаралыммен инклюзивті оқиды. Оқушылардың мектепке психологиялық дайындық деңгейі, сынып жетекшілерге таныстырылды.

Ұсыныс:

1. Зерттеу нәтижесіне байланысты түзету жұмыстарын жүргізу.
2. Оқушы білімін көтеруде ата-ана тарапынан ат салысу, үнемі байланыста болу.

5сынып оқушыларының орта буынға бейімделуіне кешенді зерттеу жұмысының нәтижесі:

2024-2025 оқу жылының қыркүйек, қазан айларында 5 сынып оқушылардың орта буынға бейімделуін анықтау үшін, психологиялық диагностикалық зерттеулер жүргізілді.

Атап айтқанда:

1)Дж. Морено «Социометрия» әдісі оқушылардың қарым-қатынас деңгейін, сынып көсемдері мен шеттетілген оқушыларды анықтау .

2)Графикалық тест оқушының өзін -өзі бағалауын анықтау

5 «А» - 21 оқушы сынып жетекшісі Қыдырова Әдемі

5 «Ә» - 23 оқушы сынып жетекшісі Берікбай Арайлым

5 «Б» - 22 оқушы сынып жетекшісі Салғараева Света

5 «В» - 19 оқушы сынып жетекшісі Мұқан Арайлым

5 «Г» - 19 оқушы сынып жетекшісі Алимкулова Құралай

Жалпы оқушылар саны: 104 оқушы

Зерттеуге қатысқан оқушылар саны: 104 оқушы

1)Дж. Морено «Социометрия» әдісі.

Мақсаты: сыныптағы оқушылардың қарым-қатынас деңгейін, сынып көсемдері мен шеттетілген оқушыларды анықтау .

Сыныбы	көсемдер	қалаулылар	байқалмайтындар	шеттетілгендер
5 «А»	6	10	5	
5 «Ә»	5	13	5	
5 «Б»	6	11	5	
5 «В»	6	9	4	
5 «Г»	2	11	6	
жалпы	25	54	25	

2) Графикалық тест

Мақсаты: Оқушылардың өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау

Сыныбы	жоғары	адекватты	төмен
5 «А»	17	4	
5 «Ә»	16	7	
5 «Б»	16	6	
5 «В»	12	7	
5 «Г»	10	9	
жалпы	71	33	

Ұсыныс:

- 1.Оқушы білімін көтеруде ата-ана тарапынан ат салысу, үнемі байланыста болу.
- 2.Оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін үнемі ескеру.
- 3.Зерттеу нәтижесіне байланысты түзету жұмыстарын жүргізу.

11 сынып оқушыларынан алынған тесттер:

Мектеп бітірушілермен Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындық.

Т.Рысқұлов атындағы мектеп-лицейі бойынша психологиялық қызмет 2024-2025 оқу жылына жоспар құрылып төмендегі нәтижелерді көрсетті.

1. А.Е Голомшток әдісі «Профильдік қызығушылығын анықтау» картасы

Мақсаты: Тұлғаның қызығушылығын қабілетін анықтау.

Қызығушылық картасы 29 қызмет саласына бағытталған.

174 сұрақтан тұрады.

Тесттің нәтижесі төмендегідей:

Сыныбы	математика	тарих	физика	биология	Қазақ әдебиеті	География	Құқық	шет тілі	бейнелеу
11 «А»		1-5%	12-60%	5-25%		1-5%			1-5%
11 «Ә»	7-36,8%			7-36,8%					
11 «Б»		1-8,3%	5-41,6%	2-16,6%	2-16,6%		1-8,3%	2-16,6%	
11 «В»	2-10,5%		5-26,3%	7-36,8%	4-21%	1-5,2%			

1. «Аппельс» әдістемесі

Мақсаты: ҰБТ-ға қатысатын оқушылардың мазасыздану және әлсіреу деңгейін анықтау

Сыныбы	11 «А»	11 «Ә»	11 «Б»	11 «В»
Барлығы	24	24	21	15
Жоғары	0-0%	0-0%	0-0%	0-0%
Орташа	2 оқушы – 8,3%	1 оқушы – 4,2%	2 оқушы – 9,5%	3 оқушы-20%
Төмен	22 оқушы – 91,7%	23 оқушы – 95,8%	19 оқушы- 90,5%	12 оқушы- 80%

Мазасыздану және әлсіреу пайызы орташа көрсеткен оқушылармен жеке сұхбат жүргізілді.

Оқушылар назарына ҰБТ ге психологиялық дайындық жұмыстарын жүргізу

Мақсаты: Оқушылардың қызығушылығын, өзіне деген сенімділігін арттыру.

Және де әр жүргізілген іс-шарадан соң төмендегідей тренингтер, жаттығулар, ойындар жүргізілді.

- «Сенімділік» тренингі
- «Автобус»
- «ҰБТ межесі»
- «Сілкіп таста»
- «Сиқырлы доп»

«Ақпан айы- жалпы білім беру ұйымдарында психологиялық кеңес беру айлығы» болып жарияланды. Осыған орай жоспар жасалып, бекітіліп жоспар бойынша іс-шаралар өткізілді. Айлықтың ашылу салтанаты «Тілек айту» күнімен басталды. Мектеп қызметкерлері, мұғалімдері мен 5-11 сынып оқушылары қатысты. 20.01. күні «Жақсы тілек айту» күні өткізілді. Мақсаты: іс-шараға қатысушылардың бір-біріне жақсы тілектер мен жылы сөздер айтуы арқылы ортақ түсіністік пен қолдауды нығайтуға көмектесті. Мұндай іс-шара мектептегі қарым-қатынасты жақсартып, достық пен ынтымақтастықты күшейте түсті. 21.01 күні «Мектепке деген мейірімділік» тақырыбында 5-11 сынып оқушылары плакатқа өз ойларын стикермен немесе жазу арқылы білдірді. «Мектепке деген мейірімділік» тақырыбында іс-шараның маңыздылығы зор, себебі бұл оқушылар мен мұғалімдер арасында жақсы қарым-қатынас орнатуға, мектепті жақсы көруге және білім алу ортасын жақсартуға көмектеседі. Мейірімділік – қоғамның негізі, ол адамдар арасындағы байланыстарды тереңдетіп, ортада жылулық пен қолдау орнатады. 22.01 күні «Объективке – тек позитив» тақырыбында 5-11 сынып аралығында сыныппен фотосуреттер көрмесі өткізілді. «Объективке – тек позитив» атты фотосуреттер көрмесі – оқушылар мен мұғалімдердің арасында жақсы көңіл-күй, оң көзқарас және шығармашылық атмосферасын қалыптастыруға арналған. Оқушылар өздерінің күнделікті өмірінен, мектеп өмірінен позитивті сәттерді суретке түсіріп, көрмеде көрсету арқылы бір-біріне қуаныш пен жақсы көңіл-күй сыйлауға мүмкіндік бере білді. 22.01 күні «Өмір

қымбатсың маған!» тақырыбында 7-10 сынып аралығында эсселер байқауы ұйымдастырылды. «Өмір қымбатсың маған!» эсселер байқауы – өмірдің құндылығын түсіну, әр адамның өз өміріне деген көзқарасын ашып көрсету және оны бағалау арқылы оқушылардың өмірдің маңызды сәттеріне көңіл бөлуге мүмкіндік берді. 27.01 күні «Жақынынан жылы сөз» тақырыбында оқушылардың отбасы мүшелерінен видеоүндеулер көрсету. «Жақынына жылы сөз» оқушылардың отбасы мүшелерінен видеоүндеулер жинақталып, оқушыларға көрсетілді. Мұнда адамға жақын, жылы сөздер айту арқылы оның көңіл-күйін көтеруге, өзара түсіністік пен сенімділікті арттыру негізгі мақсат болып табылды. 25.01 күні «АДП, буллинг, зорлық-зомбылықтың алдын-алу» тақырыбы бойынша 5-11 сынып оқушылары ата-аналарының сауаттылығын арттыру мақсатында алдын-алу жиналысы жүргізілді. 28.01 күні «АДП, буллинг, зорлық-зомбылықтың алдын-алу» тақырыбы бойынша мұғалімдердің, сынып жетекшілердің сауаттылығын арттыру мақсатында алдын-алу жиналысы жүргізілді. 30.01 күні «Қарым-қатынас жасай білесіз бе?» тақырыбында мектеп мұғалімдеріне тренинг жүргізілді. Мақсаты: Мұғалімдердің қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Оқушылармен, ата-аналармен және әріптестермен тиімді байланыс орнатуды үйрету. Қарым-қатынас кедергілерін анықтап, оларды жеңудің жолдарын көрсету мақсатында тренинг сағаты өткізілді. 03.02 күні Психологиялық ойындар, жаттығулар 5-10 сынып аралығында өткізілді. Мақсаты: оқушылардың қарым-қатынас дағдыларын, топтық жұмыс жасау қабілеттерін, эмоционалды интеллектіні дамытуға және өздерін түсініп, эмоцияларын реттеуге, өз-өзін тануына, бір-бірін құрметтеуіне және ортақ мақсатқа жету үшін бірге жұмыс істей алуына ықпал етті. 06.02. күні сауалнама алынды, ұнпарақтар таратылды және психологиялық кеңестер берілді. **Сауалнама алу** – бұл қатысушылардың белгілі бір мәселелер бойынша пікірлерін, көзқарастарын және сезімдерін білу үшін қолданылатын тиімді әдіс. **Ұнпарақтар тарату** – бұл ақпараттық немесе психологиялық материалдарды қатысушыларға таратып, олардың психологиялық әл-ауқатын жақсартуға арналған тәсіл. **Кеңес беру** оқушылардың, мұғалімдердің немесе мектеп қызметкерлерінің психологиялық мәселелерін шешуге, эмоционалды қолдау көрсетуге және өзін-өзі түсінуге көмектеседі. 10.02 күні «Кез келген мәселенің шешімі табылады» тақырыбында алдын алу сабағы өткізілді. Оқушылардың бойындағы қиындықтардың алдын- алу, жеңуге мотивация беріп, психологиялық тұрақтылықты арттыруға бағытталған жұмыс.

1. оқушы бойында қиындықтарға деген дұрыс көзқарасты қалыптастыру.

2. Проблемаларды шешу тәсілдері туралы ақпарат беру.

3. Психологиялық қарым-қатынас пен сенімділікті арттыру.

10.02 күні «Мен ертеңіме сенемін» тақырыбындағы тренинг сабағымызда оқушыларға болашаққа сенімділік пен үмітті арттыруға бағытталған жұмыстар жүргізілді. Тренинг адамның өмірінде оң өзгерістерді жүзеге асыру үшін қажет мотивация мен психологиялық ресурстарды табуға көмектесті.

10.02 күні «Жаныңда жүр жақсы адам» тақырыбында видеоролик байқауы ұйымдастырылды. «Жаныңда жүр жақсы адам» тақырыбындағы видеоролик байқауы өте әсерлі әрі мәнді болып өтті. Мақсаты – адамдарды бір-біріне көбірек қолдау көрсетуге, жақсылық жасауға және өзара түсіністікке шақыру. Оқушылардың өздерінің жақсы адам болуға деген ұмтылысын арттыруға да әсер етті.

13.02. Мектеп қызметкерлері, мұғалімдері мен 5-11 сынып оқушыларына интеллектуалды сайыс жүргізілді. Интеллектуалды сайыс: «Мектеп — білімнің көкжиегі!» тақырыбында оқушылар мен мұғалімдер арасында белсенді қатысуды ынталандырып, білім мен шығармашылық қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік берді.

18.02. күні «Үміт, сенім бізді алға жетелейді» 11-сынып оқушыларымен тренинг сабағы өткізілді. Мақсаты: оқушыларға үміт пен сенімнің маңыздылығын түсіндіру.

2024-2025 оқу жылында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында жылдық іс-шаралар жоспары құрылып, диагностика, алдын алу, түзету, ағарту, кеңес беру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілді.

1-11 сынып оқушыларының арасында психологиялық жұмыстарды жүргізу үшін ата-аналардың келісімдері жинақталды.

«Аппелс» тесті оқушының мазасыздану және әлсіздену деңгейін анықтау мақсатында зерттеу жүргізілді, нәтижесі мазасыздану және әлсіздену деңгейінің төмен деңгейін көрсетті.

«Бестерек» жобасы ғылыми-практикалық жұмысының аясында білім беру мекемелерінің қызметкерлеріне бағытталған жоба. Жоба концепциясы бойынша жасөспірімдер арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу үшін, білім беру мекемелерінің тәрбие саласына жауапты бес маманы бірлесіп, ұсынылған алгоритммен жұмыс жасау болып табылады. Олар директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, әлеуметтік педагогтар, метеп психологтары, мектеп мейірбикесі, мектеп инспекторы.

«Психологиялық көмек қажеттілігін анықтау» сауалнамасы алынды. Оқушы туралы және отбасы, достары туралы жан-жақты мағлұматтар жинақталып, жеке жұмыстар жүргізілді.

«Адам. Ағаш. Үй» проективті әдістемесі арылы оқушы бойындағы психологиялық ауытқулар, отбасылық мәселелер, эмоционалды мәселелер, тәртіп мәселері, өзін-өзі бағалаудағы мәселелер, аутодеструктивті мінез-құлыққа бейімділігін анықтау.

«Бестерек» жобасы бойынша «Эссе» «Менің отбасым» 5,6- сыныптар, «Менің достарым» 7,8- сыныптар, «Менің арманым» 9,10,11- сыныптарынан алынды.

«Бестерек» жобасының қорытынды есебі

Бүгінгі күнге анықталғаны: Жобаға 5-11 сынып оқушыларының арасынан 738 оқушы қамтылды. Жобада 5 маманның жұмысының нәтижесі бойынша деструктивті және аутодеструктивті мінез-құлыққа бейім оқушылардың тәуекел топтары анықталды: жасыл топта – 725 бала, сары топта 1 оқушы, қызыл топта 1 оқушы анықталды. Ал қалған 13 оқушының бойынан деструктивті және аутодеструктивті мінез-құлыққа бейімділік анықталмады.

Бірінші кезең - кабинеттік талдау бойынша толығырақ тоқталсақ.

(5-11 сынып оқушыларының арасынан)

Әлеуметтік педагогтың мәліметі бойынша:

- Көпбалалы отбасы саны - 412
- Әлеуметтік жағдайы төмен – 126
- Ата-анасы ажырасқан – 38
- Бір ата-анасы қайтыс болған - 39
- Өгей әкемен тұрады – 6
- Өгей анамен тұрады – 0
- Туыстарының қолында тұрады – 9
- Ата-анасы ішімдікке салынған – 2
- Отбасында суицид болған – 5

Медбикенің мәліметі бойынша: Медбикенің есебінде 10 бала тіркелген мүгедектігі бар оқушы жоқ, қазіргі уақытта денсаулығы нашар оқушы анықталмаған.

Мектеп инспекторының мәліметі бойынша: мектеп инспекторының тіркеуінде тұрған оқушы саны – 1, мектеп инспекторының тіркеуінде тұрған отбасы саны – 1.

Сынып жетекшінің мәліметі бойынша:

- Үлгерімі төмен оқушы саны – 23
- Сабақтан себепсіз көп қалатын оқушылар саны – 3
- Тәртіпке бағайтын оқушылар саны – 2
- Жабық өз пікірін білдірмейтін оқушы саны – 23
- Көбшіліктің назарын аударуға бейім оқушы саны – 26
- Үйірмеге қамтылған оқушылар саны -597
- Әлеуметті желіде негатив пікір қалдыратын оқушы саны – 1

Екінші кезең: далалық зерттеу бойынша толығырақ тоқталсақ.

Далалық зерттеу жұмысында оқушылардан эссе, сауалнама, суреттік тест алынды. Зерттеуге 738 оқушы қамтылды. Нәтижесіне тоқталсақ: эссе бойынша тәуекел топқа оқушы алынбады, сауалнамада 55 оқушы психологиялық көмек қажет деп белгілеген. Ал суреттік тест бойынша психологиялық ауытқулар, отбасылық мәселелер, эмоционалды мәселелер, тәртіп мәселелері, өзін-өзі бағалау мәселелері, аутодеструктивті мінез-құлыққа бейім оқушылар анықталады. Зерттеу нәтижесінде отбасылық мәселелер, эмоционалды мәселелер, тәртіп мәселелері, өзін-өзі бағалау мәселелері бойынша 204 оқушы анықталды. Осы анықталған оқушылармен жеке жұмыстар жүргізілді.

Бектің Депрессия шкаласы тесті жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу бойынша және алаңдаушылық пен күйзеліс жағдайын анықтау мақсатында алынды. Сауалнама google.com онлайн форматында алынды. Сауалнаманың нұсқауы оқушыларға аудио арқылы түсіндірілді. 4 оқушы жеңіл депрессия шкаласы анықталды. Оқушылар жеке кеңеске шақырылып, түзету жұмыстары жүргізілді.

Қаңтардың 20.01.-20.02.2025 жылы аралығында «Психологиялық кеңес беру айлығы» өтті. Айлықтың барысында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында профилактикалық, түзету, кеңес беру іс-шаралары жоспарлы түрде жүргізілді. Оқушылар белсенді ат салысты, жүргізілген жұмыстар әлеуметтік желіге жарияланды.

Кемшілік:

1. Жеке қаралыммен оқитын оқушылармен жұмыстарды жандандыру.
2. Психологиялық диагностика жұмыстарды Google диск форматына ауыстыру.

Ұсыныс:

1. Әр сыныптағы оқшауланған оқушылармен жеке жұмыс жүргізу, әр баланың жеке жас ерекшелігін ескере отырып жұмыс жасау;
2. Психологиялық ахуалы нашар болған сыныптардың сынып жетекшілеріне жалпы сынып пен, әр оқушымен жұмыстар жүргізіп отыруын қадағалау;

Мектеп психологтары:

**А. Қарабаева
М. Абдрашимова**